

Аққайың жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы мектептен тыс оқу бірлестіктерінің жұмысы туралы (факультативтер, клубтар, үйірмелер, секциялар)

Анықтама

Аққайың жалпы орта білім беретін мектебі шағын жинақты мектеп.

2023-2024 оқу жылында мектебімізде 16 класс/12 комплект бар. Оқу бес күндік, бір ауысымда сабақ оқиды. Оқыту тілі қазақша және орысша. Контингент-62 оқушы.

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы); «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» осы бұйрықтарды негізге ала отырып, вариативтік компонент сағаттары бөлінді.

5-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттілік» курсына оқуға бөлінді.

Бастауыш білім беру деңгейінің оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарында вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі әрбір сыныпқа бір сағаттан берілді. 1 және 2-4 сынып комплектіге 1 сағат «Ғажайып математикаға» берілді. Элективті курстан 1 сағат денешынықтыру пәніне спорттық ойындарға берілді.

Денешынықтыру пәнінен элективті курс бойынша «Спорттық ойындар», «Ұлттық ойындар», «Теннис», «Футбол», «Баскетбол», «Валейбол» 1 сағаттан берілді.

Оқушылардың өз білімін жетілдірудің негізгі формасы – үйірме. Оқушылардың өзі қызығатын саласында практикалық жұмыспен айналысатын бірлестік. Егер үйірменің жұмысы қоғамдық пайдалы тапсырмаларды орындаумен, қоршап тұрған өмірмен, өндіріспен байланысты болса нәтижелі болады.

Үйірмеде оқушылар үшін ережелерді қатан санаулы тәртіпті сақтау мәдени дағдыларды тәрбиелеу міндетті. Оқушылардың өз беттерінше жұмыс істей білуі тәрбиелік мақсатқа қызмет етеді. Үйірме мүшелері үйірме мүлкін сақтауға толық жауапты екендігін сезінуі қажет.

Мектебімізде Волейбол, үстел теннисі, футбол, баскетбол, жас сарбаз сынды үйірме сағаттары бар. Үйірмеге әр түріне қарай 20 бала қатысады. Әр баланың денсаулығы жарамды деген денсаулық паспорты бар.

Үйірме сабақ уақытынан тыс уақытта ұйымдастырылады.

Денешынықтыру пәнінен спорттық ойындарынан үйірмелер жүргізілуде.

Орындаған: *А.Т.* Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Абилхаева Қ.Т.